

ӨНЕРТАБЫС ӨГЕЙДІҢ КҮЙІН КЕШКЕН

5-БЕТ | МӘСЕЛЕ

АШ АУЫЛҒА ҚАНДАЙ КӨМЕК БЕРДІ?

6-БЕТ | АҚТАҢДАҚТАР АҚИҚАТЫ

ӘЙГІЛІ ӘНШІ ТАҒЗЫМЫ

8-БЕТ | МӘДЕНИЕТ

№62
(4495)
Сенбі
27 мамыр
2023 жыл

ASTANA AQSHAMY

ELORDA AQPARAT
МЕДИА ХОЛДИНГІ

РЕСПУБЛИКАЛЫҚ ҚОҒАМДЫҚ-САЯСИ ГАЗЕТ

1990 ЖЫЛҒЫ 13 ҚАЗАННАН БАСТАП ШЫҒАДЫ



ДЕНСАУЛЫҚ ЖАЙЫ – ТЕЛЕФОНДА

«Damumed» қосымшасынан қандай медициналық қызмет түрі тегін екенін білуге болады.

Мобильді қосымшада міндетті әлеуметтік сақтандыру қорының пакеті мен тегін медициналық көмектің кепілдендірілген көлемі бөліміне кіретін функциялар қатары кеңейтілген. Енді науқас қосымшаға кіріп, мәртебесіне қарай қолжетімді қызмет түрлерін біле алады. Қосымшада көмекті қалай алуға болатыны және қандай шарттар сақталуы тиіс екендігі қоса жазылған.

Бастысы, сақтандырылған қазақстандықтар үшін бұл қызмет түрлері тегін.

ЛОНДОНҒА ЖЕТІ РЕТ ҰШАДЫ

«Эйр Астана» әуекомпаниясы осы жылдың соңына дейін Лондонға орындалатын рейстер санын аптасына 7 рейске дейін арттыруды жоспарлап отыр.

Қазақстан Азаматтық авиация комитеті мен Ұлыбритания көлік департаменті арасындағы келіссөздердің нәтижесінде екі ел арасындағы құқықтық база нығайтылып, Қазақстан мен Ұлыбритания арасындағы рұқсат етілген рейстер саны артты.

Атап айтқанда, Астана қаласы мен Ұлыбританиядағы кез келген пункт арасында аптасына 7 ретке дейін; Алматы қаласы мен Ұлыбританиядағы кез келген пункт арасында аптасына 7 ретке дейін; Қазақстанда енгізілген «ашық аспан» режиміне сәйкес ауа еркіндігінің 5 дәрежесін қоса алғанда, тұрақты емес негізде аптасына 7 жүк рейсіне дейін рейстерді іске қосу ұйғарылды. Рейстерді «Эйр Астана» әуекомпаниясы орындайтын болады.

ШЕТКІ АЙМАҚСЫЗ ШАҺАР

Жыл өткен сайын сәулеті мен дәулеті өркендей түскен елорданың тұрғындар саны ғана емес, жер ауқымы да кеңейе түскен. Астана іргесіндегі бірқатар ауылдар бүгінде бас қаланың құрамындағы тұрғындар алабына айналды. Бұл ретте елорда әкімдігі қаланың шеткі аудандарын дамыту бойынша жүйелі бағдарлама негізінде жұмыс атқарып келеді. Демек, бас қалада орталық аймақ немесе шеткі аймақ деген ұғым жоқ.

ҚАЙ ЖЕРДЕ СУҒА ТҮСЕМІЗ?

Биыл Астанада суға шомылу маусымы 1 маусымда ашылады. Елордада суға түсуге арналған 4 орын белгіленді.

Елордалықтар Орталық жағажайда, «Три пескаря» демалыс аймағында, «Астаналық аула» және Ш.Бейсекова көшесіндегі көпір маңындағы коммуналдық жағажайда суға түсе алады.

«Елордалық ТЖД шомылу маусымының ашылуына дайындықты белсенді жүргізуде. Астана қаласының әкімдігі шомылу маусымы кезеңінде азаматтардың қауіпсіздігін қамтамасыз ету мақсатында арнайы іс-шаралар жоспарын әзірлеп, бекітті. Аудан әкімдіктерімен бірлесіп су айдындарында 10-нан астам ақпараттық стенд және шомылуға тыйым салынған жерлерде 100 тыйым салу қауіпсіздік белгісі орнатылды» деді Астана ТЖД Азаматтық қорғаныс басқармасының бастығы Азамат Құсайынов.

Шомылу кезеңінде күнделікті патрульдеуге 50 сүңгуір құтқарушы, 15 бірлік сүңгуірлік жарақтары бар жедел-құтқару техникасы, 6 бірлік жүзу құралдары жұмыс істейтін болады.

КЕДЕЙЛІК ШЕГІ ӨЗГЕРЕДІ

ҚР Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігі 2023 жылғы 19 мамырдағы «Кедейлік шегінің мөлшерін анықтау туралы» бұйрықты бекітті.

2023 жылғы 1 шілдеден бастап кедейлік шегі мемлекеттік атаулы әлеуметтік көмек алуға өтініш берген тоқсанның алдындағы тоқсан үшін есептелген ең төменгі күнкөріс деңгейінің 70 пайызын құрайды. 2023 жылдың 1 қаңтарынан бастап күнкөріс минимумы 40 567 теңге белгіленді. Тиісінше, кедейлік шегі 28 397 теңгеге тең болады.

Ал 2025 жылдың 1 қаңтарынан бастап кедейлік шегі мемлекеттік атаулы әлеуметтік көмек алуға өтініш берген тоқсанның алдындағы тоқсан үшін есептелген орташа табыстың 50 пайызы мөлшерінде айқындалатын болады.

Бұйрық 2023 жылдың 1 шілдесінен бастап күшіне енеді.

№62 (4495) 27/05/2023 Сенбі

Қасым-Жомарт ТОҚАЕВ:

«ТӨРТ ЕРКІНДІК» ҚАҒИДАТТАРЫ МҮЛТІКСІЗ САҚТАЛУЫ КЕРЕК

Президент Қасым-Жомарт Тоқаев «Көпполярлы әлемдегі еуразиялық интеграция» атты II Еуразиялық экономикалық форумның пленарлық отырысына қатысты. Жиын сұрақ-жауап форматында өтті. Модератор Александр Шохин Мемлекет басшысына Еуразиялық экономикалық одақтың 2025 жылға дейінгі қабылданған стратегиясында өзара инфрақұрылым байланысы, «Солтүстік – Оңтүстік» және «Батыс – Шығыс» дәліздері және үшінші елдермен арадағы қатынастар секілді перспективті бағыттар қамтылған ба деген сұрақ қойды. Президент өз сөзінде форумға қатысушыларға ілтипат білдіре отырып, жиынға шақырғаны және іс-шараны жоғары деңгейде ұйымдастырғаны үшін Ресей тарапына және Владимир Путинге ризашылығын білдірді.

Мемлекет басшысы 2020 жылы Еуразиялық экономикалық интеграцияны дамытудың 2025 жылға дейінгі стратегиялық бағыттары қабылданғанын атап өтті.

«Еуразиялық экономикалық одақтың географиялық аумағы орасан зор екенін ескерсек, өзара инфрақұрылым байланысын дамыту мәселесі аса маңызды басымдықтардың бірі болып қала береді. Бұл жерде біз бірден екі деңгейде: бірінші – ішкіодақтық, яғни одаққа мүше елдердің көлік және коммуникация салаларындағы интеграциясы бағытында, екінші – халықаралық, яғни көлік-логистика саласындағы халықаралық мәселелерді жүзеге асыру және үшінші елдермен ынтымақтастықты дамыту аясында жұмыс істейтінімізді айта кету керек. Жаһандық тауар ағынының мейлінше жылдам өзгеріске ұшырап жатқанын ескерсек, қазір жан-жағымызды жіті бақылап, бүкіл аймақта барынша тренд қалыптастыру өте маңызды.

Қазір көлік логистикасы халықаралық ынтымақтастықта алға шықты. Шын мәнінде, халықаралық нарықта көлік бағдарларына, логистикаға және басқа да салаларға иелік ету үшін күрес жүріп жатыр. Бұл – барлық мемлекет үшін пайдалы бизнес. Еуразиялық экономикалық одақ осы бағытта маңызды рөл атқаруға тиіс деп ойлаймын. Одақтың ең басты саяси және экономикалық серіктесі – Қытай Халық Республикасымен тиімді қарым-қатынас жасаудың маңызы зор. Қытай – ең ірі жүк жөнелтуші әрі ең ірі тұтынушы ел» деді Қасым-Жомарт Тоқаев.

Мемлекет басшысы форум қатысушыларына өткен аптада ҚХР-ға мемлекеттік сапармен барғанын, сапар аясында Сиань қаласындағы құрғақ портта Қазақстанның логистикалық орталығының іргетасын қалағанын жеткізді. Президент бұл порт Орталық Азияға, Еуропаға, Түркияға және Иранға тікелей контейнер пойыздарын жөнелтетін негізгі хабқа айналатынына сенімді. Сонымен қатар Бақты – Аягөз учаскесінде теміржол байланысын іске қосу және ҚХР бағытында бөлек шекара өткелін салу жоспарланып отыр. «Біз Ресеймен нәтижелі ынтымақтастық құруға ниеттіміз. Себебі бұл жоба тек Қазақстаннан ғана емес, Батыс Сібірден де ҚХР-ға тауар жеткізу мерзімі мен қашықтығын едәуір қысқартады. Тағы бір маңызды мәселе. Физикалық инфрақұрылымды дамытудан бөлек, «жұмсақ» инфрақұрылымды қалыптастыруға баса мән беру қажет. Яғни, цифрландыру, кедендік әкімшілендіру ісін оңтайландыру және әкімшілік жүктемені азайту. Жалпы, қазір біз Еуразияда бұрын-соңды болмаған жаңа көлік құрылымын қалыптастырып жатырмыз десек, артық айтқандық емес. Бұл іске тыңғылықты әзірлікпен әрі жұмыла кіріссек, біршама экономикалық және саяси пайдаға кенелеміз» деді Мемлекет басшысы.

Сонымен қатар Президент Одақты дамытудың жаңа басымдықтарын анықтау қажеттігіне назар аударды. «Кез келген істі қолға алғанда әрдайым қазіргі проблемаларды ғана шешіп қоймай, келешектегі жұмысты да жоспарлау керек екені сөзсіз. Сондай-ақ айналадағы жағдайдың өзгеруіне байсалды қарау керек. Мұның бәрінің берік негізі болуға тиіс. Іргетасы неғұрлым мығым болса, соғұрлым мықты әрі ұзаққа төзімді ғимарат салуға болады. Ал біздің Одақтың іргетасы не? Одақ туралы келісімді толыққанды жүзеге асыру негізгі мәселе және солай бола береді. Қазақстан 2015 жылғы Шарттың негізінде дәл осы интеграцияны қолдайтынын тағы да атап өткім келеді. Яғни, «төрт еркіндік» және инфақұрылымға тең дәрежеде қолжетімділік, әділ бәсеке, тең құқық және ұлттық мүддені ескеру секілді негізгі қағидаттар мүлтіксіз сақталуы керек. Бұл – біздің ортақ ісіміздің негізгі қағидаттары. Қазақстан дәл осы қағидаттарды ілгерілетеді» деді Президент.

Экономикалық интеграция түпкі мақсат емес. Бұл тек ұйымға мүше мемлекеттердің экономикасын дамытудың және халықтарының әл-ауқатын жақсартудың бір құралы екенін түсіну маңызды. Сондықтан экономикалық интеграцияның жетістігі стратегиялар, келісімдер және шешімдердің санымен емес, керісінше, жаңа өндірістер, технологиялар және жұмыс орындарымен бағаланады. Біз үшін ЕАЭО аясындағы интеграция, ең алдымен, экономикалық сипатқа ие. Әрине, стратегияда айтылған кез келген басқа саланың маңызы бар. Бірақ оларды экономика тұрғысынан қарастыру керек, – деді Қасым-Жомарт Тоқаев.

Мемлекет басшысының айтуынша, Қазақстан ТМД, ҰҚШҰ аясында, сондай-ақ екіжақты ынтымақтастық шеңберінде жақын серіктестерімен әлеуметтік, мәдени, гуманитарлық ынтымақтастықты дамытуға дайын. Форматтарды араластыру бастапқы мақсаттан ауытқып, ресурстарды зая кетіруге әкеп соқтыруы мүмкін. «Сонымен қатар тағы бір шетін мәселе бар. Басқаша айтқанда, концептуалды шындық немесе біз ескеруге тиіс ерекшелік. Бұл – Еуразиялық экономикалық одақ аясындағы Беларусь пен Ресей мемлекеттерінің одағы. Бұл одақтың тұжырымдамалық және идеологиялық негізі өте салмақты. Беларусь пен орыс халықтарының тарихының ортақтығын, тіліндегі, мәдениетіндегі, дініндегі бірегейлікті өзара мойындау, яғни бір халық – бір мемлекет екенін мойындау. Демек ЕАЭО-да Одақтас мемлекет бар. Әлемдік саясат тарихында ерекше прецедент немесе құбылыс пайда болды – саяси, құқықтық, әскери, экономикалық, валюталық, мәдени, гуманитарлық кеңістіктері ортақ, одақтас үкіметі мен парламенті бар «екі ел, бір мемлекет» формуласы бойынша мемлекет құрылды. Тіпті қазір ядролық қару да екеуіне ортақ. Сондай-ақ Қазақстан, Қырғызстан және Армения қатысқан интеграцияның тағы бір деңгейі бар. Біз бұл шындықпен санасуымыз керек. Мұндай жағдайда қалай жұмыс істейміз? Бұл – концептуалды мәселе. Осы экономикалық форумда аталған мәселені талқылауымыз керек деп санаймын» деді Мемлекет басшысы.

Президент сөзінің соңында келесі жылы Одақтың құрылғанына 10 жыл толатынын және ЕАЭО-ның мерейтойлық саммитін ұйымдастыру жоспарланып отырғанын жеткізді. Әрине, біздің интеграциялық бірлестігіміздің онжылдығы – бұл тиісті деңгейде атап өтуді қажет ететін маңызды кезең. Астанада мерейтойлық жиын өткізудің символдық мәні бар. Өйткені ЕАЭО-ны құру туралы шартқа Қазақстан астанасында қол қойылды» деді Президент.

Жиын қорытындысы бойынша бірқатар құжат қабылданды. Сонымен қатар форумда Ресей Президенті Владимир Путин, Беларусь Президенті Александр Лукашенко, Қырғызстан Президенті Садыр Жапаров, Армения вице-премьері Мгер Григорян және Еуразиялық экономикалық комиссия алқасының төрағасы Михаил Мясникович сөз сөйледі. Сондай-ақ ҚХР Төрағасы Си Цзиньпиннің бейнеүндеуі көрсетілді.

Руслан ЖЕЛДІБАЙ, Президент Әкімшілігі басшысының орынбасары - Президенттің баспасөз хатшысы:

ИНТЕГРАЦИЯ ЭКОНОМИКАЛЫҚ СИПАТТА ҒАНА ЖҮРЕДІ

– Президент жиын барысында бүгінде сарапшылар қауымдастығы кеңінен талқылап жатқан бірқатар мәлімдеме жасады. ЕАЭО аясындағы интеграция тек қана экономикалық сипатта ғана жүруі керек. Бұл – Президенттің негізгі ұстанымы. Оның шеңберінен шығу ұйымның жарғылық құжаттарының мақсаттарына, принциптері мен міндеттеріне қайшы келеді. Президент атап өткендей, экономикалық интеграция – бұл түпкі мақсат емес, ол экономиканы дамытудың және халықтарымыздың әл-ауқатын арттырудың негізгі құралдарының бірі. Яғни, ұйым аясында қабылданатын кез келген шешім оның әрбір мүшесіне және, ең алдымен, олардың азаматтарына пайдасын тигізуі тиіс. Бүгінде ЕАЭО-ның екі мүшесі – Ресей мен Беларусь өзара ықпалдастықтың жоғары деңгейіне шықты. Бұл – ерекше прецедент. Мемлекет басшысының пайымынша, шын мәнінде, бір халық және бір мемлекет туралы сөз болып отыр. Осы ретте мүлде басқа мақсаттарды көздеген екі түрлі интеграциялық жоба шеңберіндегі бастамалардың аражігін ажырату аса маңызды. Біздің елімізге келетін болсақ, Қазақстан қандай да бір одақтас мемлекеттер құруға немесе олардың құрамына кіруге ниетті емес және оны жоспарлап отырған жоқ.

ЖОЛ КАРТАСЫ БЕКІТІЛДІ

Amanat партиясы Астана қалалық филиалында саяси кеңес бюросының отырысында 2023-2027 жылдарға арналған сайлауалды бағдарламаның жол картасы бекітілді. Бұл туралы Астана қаласы мәслихатының төрағасы Ерлан Каналимов өзінің әлеуметтік желідегі парақшасында жазды.

«Астана қаласының сайлауалды бағдарламасын іске асыру үшін Жол картасымен елорданы дамытудың 4 басым бағыты бойынша 127 іс-шара бекітілді. Жол картасына енгізілген іс-шаралар сайлау кезеңінде жиналған жергілікті тұрғындардың ұсыныстары мен өтініштерінен тұрады. Жол картасының басым бағыттарының бірі – бизнес субъектілерін қолдау арқылы халықтың табысын арттыру. Әрбір 10 мың тұрғынға кемінде 100 жаңа жұмыс орны мен 50 мектеп салынады. Сондай-ақ жыл сайын жастарға 500 пәтер сатып алынып, спорт алаңдары мен 15 аула клубы ашылады. Бұл ретте жол картасының әрбір тармағы қалалық мәслихаттағы фракция мүшелеріне бекітілді» деп түсіндірді Е.Каналимов.

АГРОҚАЛАШЫҚТЫҢ ТҮЙТКІЛДЕРІ ҚАЛАЙ ШЕШІЛЕДІ?

Астана қаласының әкімі Жеңіс Қасымбек Сарыарқа ауданындағы Агроқалашық тұрғын алабының тұрғындарымен кездесіп, түйткілді мәселелерді талқылады. Кездесуде тұрғындар жолдар мен тротуарлар, инженерлік желілер салу, жарықтандыру, бейнебақылау камераларын орнату, тозығы жеткен тұрғын үйлерді бұзу, газдандыру және тағы басқа мәселелерді көтерді.

«Сұрақтар жеткілікті, олар шешімін табады. Тұрғындармен бірге ең алдымен орындалуы тиіс міндеттерді белгілейміз. Агроқалашық елді мекенін кестеге сәйкес кезең-кезеңімен дамытамыз. Мәселен, тұрғындар газдандыру мәселесін көтерді. Агроқалашық елді мекені газдандырылған, бірақ жекелеген тұстары бар, олар бойынша биыл жұмыс жобасын аяқтаймыз, ал келер жылы желі құрылысын бастаймыз және қалған үйлерді газға қосамыз» деп жазды Ж.Қасымбек өзінің әлеуметтік желідегі парақшасында.

Қала басшысы апатты үйлерді бұзуға қатысты мәселеге де бөлек тоқталды. «Келесі жылы Агроқалашық елді мекенінде үш үйді бұзуды жоспарлап отырмыз. Қала бойынша барлығы 200-ден астам апатты үйлер бар. Алдағы 3 жылда тозығы жеткен үйлердің тұрғындары үшін 2,5-3 мыңға жуық пәтер салуды жоспарлап отырмыз» деді әкім.

Сондай-ақ Жеңіс Қасымбек сумен жабдықтау бойынша мәселеге қатысты сұраққа жауап берді. «Биыл маусым айында №3 су сорғыш-сүзгіш станцияны пайдалануға береміз. Тамыз айында тәулігіне 100 мың текше метрден аса су беріледі. Демек, мәселе ішінара шешіледі» деді ол. Қала басшысы абаттандыру маусымы барысында аудандарда жолдар, тротуарлар, аулалар мен қоғамдық кеңістіктер салу жұмысы жүргізіліп жатқанын айтты.

ІСКЕРЛІК ТУРИЗМНІҢ МҮМКІНДІКТЕРІ ТАЛҚЫЛАНДЫ

Астанада «Орталық Азиядағы тұрақты даму және транзиттік әлеуетті іске асырудағы энергетикалық өткел» тақырыбындағы 1-қазақстандық авиациялық диалог өтті. Оған Қазақстанның авиациялық әкімшілігінің бас директоры Каталин Раду, IATA Директорлар кеңесінің төрағасы Мехмет Нане, iPADIS Президенті Олумиюва Бенард Алиу, Қазақстан авиациялық әкімшілігінің орнықты даму департаментінің директоры Жанна Шек, Астана қаласы әкімінің орынбасары Ерлан Бекмұрзаев қатысты.

Қазақстан авиациясының 250 компаниясы және халықаралық авиация нарығының ірі өкілдері мен халықаралық сарапшылардың басын қосқан форум елордада іскерлік туризмнің өркендеуіне, қонақ үй және мейрамхана бизнесінің, көлік инфроқұрылымының және экономиканың басқа да аралас салаларының дамуына оң әсерін тигізеді.

Іс-шара аясында қазақстандық және халықаралық авиациялық нарық компаниялары арасындағы ынтымақтастық туралы бірқатар меморандумға қол қойылды. Сала мамандары үшін S&P Global Commodity Insights халықаралық корпорациясының Лондон кеңсесінің өкілдері Platts баға белгілеуді есептеу әдіснамасымен танысу және оларды авиациялық отынға қолдану бойынша оқыту семинарын өткізді.

– Қазақстандық авиациялық диалогты жүргізу және оның Қазақстан астанасында MICE-туризмді дамыту барысында инвестицияларды тарту, экономиканы дамыту және елдің халықаралық аренадағы ұстанымын нығайту үшін маңызды факторлар болып табылады, – деді Ерлан Бекмұрзаев.

Шынар ӘБИІР,
Л.Н.Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті журналистика факультетінің 2-курс студенті

ӘРІПТЕСТІК БАЙЛАНЫС ОРНАТАДЫ

Астана қаласы мәслихатының төрағасы Ерлан Каналимов Оңтүстік Африка Республикасының Қазақстандағы Төтенше және өкілетті елшісі Кийтуметци Сийпело Тандека Мэттьюспен кездесті.

Тараптар екі жақты ынтымақтастық пен әріптестік байланыс мәселесін талқылады. Сондай-ақ кездесуде өзара мәдени-гуманитарлық ынтымақтастық пен қарым-қатынасты дамыту жайын талқыланып серіктестік жобалар мен ортақ мүдделер туралы сөз қозғалды. Сонымен қатар, тараптар екі астана арасында бауырластық қатынастар туралы, екі елдің жетекші жоғары оқу орындарының мәдени саладағы ынтымақтастығы туралы Меморандумға қол қою туралы пікір алмасты. Атап айтқанда, елші ханым Астана қаласында Халықаралық джаз фестивалін өткізуді ұсынды.

«Елорда мәслихатымен ынтымақтастықтың маңыздылығын Оңтүстік Африка Республикасының Қазақстандағы Төтенше және өкілетті елшісі Кийтуметци Сийпело Тандека Мэттьюс ерекше атап өтті. Дипломатпен бірге бас қаламыздың көшелерінің біріне Нельсон Мандела есімін, ал Преторияда Қожа Ахмет Ясауи есімін беру туралы ұсыныс талқыланды. Оңтүстік Африка Республикасымен өзара ынтымақтастықты күшейту – еліміздің сыртқы саясатындағы маңызды бағыттардың бірі екенін айқындап, елордамызда түрлі бағыттар бойынша әріптестік байланысты дамытуға ықыласты екенімізді жеткіздім» деді Е.Каналимов.

АСТАНА ҚАЛАСЫ ТҰРҒЫНДАРЫНЫҢ ЖӘНЕ ҚАЛАЛЫҚ МӘСЛИХАТТЫҢ СЕГІЗІНШІ САЙЛАНЫМЫНЫҢ ДЕПУТАТТАРЫНЫҢ НАЗАРЫНА!

2023 жылғы 30 мамырда сағат 10.00-де Астана қаласы мәслихатының сегізінші сайланымының кезектен тыс сессиясы шақырылады.

Сессияның қарауына келесі мәселелер енгізіледі:

1. Астана қаласының 2022 жылғы бюджетінің атқарылуы туралы есебін бекіту туралы.
2. Қалалық мәслихат депутатының өкілеттігін мерзімінен бұрын тоқтату туралы.
3. Астана қаласы бойынша Тексеру комиссиясының төрағасын тағайындау туралы.
4. Астана қаласы бойынша Тексеру комиссиясының мүшесін лауазымынан босату туралы.
5. Астана қаласы бойынша Тексеру комиссиясының мүшесін тағайындау туралы.
6. «Нұр-Сұлтан қаласында алты жалпы білім беретін мектеп салу және пайдалану» мемлекеттік-жекешелік әріптестік жобасы бойынша мемлекеттік міндеттемелерді қабылдау туралы» Нұр-Сұлтан қаласы мәслихатының 2019 жылғы 14 сәуірдегі № 34/4-VII шешіміне өзгерістер енгізу туралы.
7. «Нұр-Сұлтан қаласында тұрғын үй сертификаттарының мөлшері мен оларды алушылар санаттарының тізбесін айқындау туралы» Нұр-Сұлтан қаласы мәслихатының 2019 жылғы 23 тамыздағы №418/54-VI шешіміне өзгерістер енгізу туралы.
8. Жер учаскелерін мемлекет мұқтажы үшін алып қоюға байланысты жер учаскелерін немесе өзге де жылжымайтын мүлікті иеліктен шығару шарттарының жобаларын келісу туралы.
9. Астана қаласы әкімдігінің жанындағы тұрғын үй комиссиясының құрамы туралы.
10. «Астана қаласы әкімдігінің жанындағы ипотекалық тұрғын үй қарызын (ипотекалық қарызды) қайта қаржыландырудан бас тартылған қарыз алушылардың шағымдарын қарау жөніндегі комиссиясының құрамы туралы» Нұр-Сұлтан қаласы мәслихатының 2022 жылғы 25 мамырдағы №187/25-VII шешіміне өзгеріс енгізу туралы.

Анықтама үшін телефондар: 55-66-35, 55-66-36

Е.КАНАЛИМОВ
Астана қаласы мәслихатының төрағасы

ӘЛЕМ ЧЕМПИОНДАРЫНА ПӘТЕР БЕРІЛДІ

Кеше Астана қаласының әкімі Жеңіс Қасымбек бокстан әлем чемпиондары Санжар Тәшкенбай мен Нұрбек Оралбайды қабылдап, үш бөлмелі пәтердің кілтін табыс етті.

– Бұл жеңістің артында үлкен еңбек пен үздіксіз дайындық, спортшылардың өзіне деген сенімділігі жатыр. Боксшыларымыздың әрі қарай да биік белестерді бағындырып, жеңіс тұғырынан көріне беруін тілеймін, – деп құттықтады қала әкімі.

Әкім жаттықтырушылардың да еңбегін назардан тыс қалдырмай, сый-сияпат көрсетті.

1-14 мамыр аралығында Өзбекстанның астанасы Ташкентте өткен әлем чемпионатында Қазақстан боксшылары 4 алтын, 1 күміс медаль жеңіп алған еді. Чемпиондардың қатарында астаналық Санжар Тәшкенбай (48 келі) мен Нұрбек Оралбай (80 келі) салмақта барлық қарсыластарынан басып түсіп еліміздің абыройын асырды.

ҚАЗАҚ ҚАНЫШЫНЫҢ МҰРАЖАЙЫ АШЫЛДЫ

Астана қаласындағы Қаныш Сәтбаев атындағы №61 мектеп-лицейде академик Қаныш Сәтбаевтың 125 жылдық мерейтойы қарсаңында көрнекті ғалымның музейі көрермен көзайымына айналды.

Елордадағы ең елеулі оқиға – музейдің ашылуы аясында академик Қаныш Сәтбаевтың шәкірті, қазақтың тұңғыш антропологы Оразақ Смағұловтың сөздері жазылған гранитті тақталардың ашылу рәсімі болды.

Музейдің салтанатты ашылуына Оқу-ағарту министрі Ғани Бейсембаев, Парламент депутаттары Алтынбек Нухұлы, Жарқынбек Амантайұлы, Астана қалалық мәслихатының төрағасы Ерлан Каналимов, Астана білім басқармасының басшысы Қасымхан Сенғазыев қатысты.

Қазақтың Қаныштарын көбейтіп, ғылымын тереңдеткен ғалым академиктің мұражайының ашылуы күмбірлеген күймен басталды, «Шабыт» оркестрі «Сарыарқа», «Балбырауын» күйлерімен қарсы алды. Жиынның шымылдығы қазақтың тұңғыш антропологы, академик Оразақ Смағұловтың видеоқұттықтауымен ашылды.

Жиында сөз алған Оқу-ағарту министрі Ғани Бейсембаев салтанатты рәсімге қатысушыларды құттықтап, музей жұмысына сәттілік тіледі. Сенат депутаты, «Халықаралық Сәтбаев қорының» қамқоршылар кеңесінің төрағасы Алтынбек Нухұлы ғалымның өмірі мен қызметіне тоқталды.

Мұражайдың салтанатты түрде лентасын қиюдың құрметті рәсімі Оқу-ағарту министрі Ғани Бейсембаев пен Астана қалалық мәслихатының төрағасы Ерлан Каналимовке берілді.

Жаңадан ашылған мұражай екі бөлімнен тұрады: 1-бөлімде Қаныш Сәтбаевтың өмірі, (отбасы), еңбек жолы («Қарсақбай», «Жезқазған», «Ғылым академиясы») қойылса, 2-бөлімде минералдар топтамасы қойылған. Сондай-ақ соңғы үлгідегі «Галограмма» арқылы Қаныш Сәтбаев бейнесі бейнеленген.

Іс-шара соңында мектептің талантты оқушыларының қатысуымен Мемлекеттік сыйлықтың лауреаты, ақын Несіпбек Айтұлының «Қаныш» поэмасынан көлеңкелі театр қойылымы көрсетілді.

Гауһар АМАНГЕЛДІ,
Л.Н.Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті журналистика факультетінің 2-курс студенті

ҚҰРМЕТТІ ЕЛОРДА ТҰРҒЫНДАРЫ!

Астана қаласының мәслихаты «Қолжетімді және жайлы қоғамдық дәретханалар – елорданың мәдени бет-бейнесі» бағдарламасын іске асыру бойынша жүргізіліп жатқан жұмыстар туралы» тақырыбына жария тыңдаулар өткізу туралы хабарлайды.

Жария тыңдаулар 2023 жылғы 2 маусымда сағат 16:00-де мәслихаттың Facebook әлеуметтік желісіндегі аккаунтында онлайн режимінде өтеді.

Байланыс деректері: 55-66-35, astana@maslihat01.kz.

Е.КАНАЛИМОВ,
Астана қаласы мәслихатының төрағасы

№62 (4495) 27/05/2023 Сенбі

ТҮЛЕГЕН ТҮРКІСТАННЫҢ ТАРТУЫ

Астанада Түркістан облысының 5 жылдығына орай өңірдің әдеби-мәдени әлеуетін таныстыратын ауқымды шаралар өтті. Ұлттық академиялық кітапханада «Бес жылдыққа – бес әдеби сапар» жобасы аясында көрме мен жиын, «Қазақстан» орталық концерт залында аймақ тарихы мен өнерінен сыр шертетін көрме мен әйгілі композитор, Халық әртісі, Мемлекеттік сыйлықтың лауреаты, Қазақстанның Еңбек Ері, Қазақстан әнұранының авторы Шәмші Қалдаяқовтың әндерінен «Менің Қазақстаным» концерті ұйымдастырылды.

ТАРИХИ КЕЛБЕТ ТАНЫСТЫРЫЛДЫ

Кітапханада өткен шара қонақтары өлкетану бағыты бойынша жасақталған кітап көрмесі мен Түркістанды танытатын бейнефильм тамашалады. Түркістан облысы әкімі Дархан Сатыбалдының ыстық ықыласын жеткізген облыс әкімінің орынбасары Бейсенбай Тәжібаев әдеби сапардың мақсаты мен осы жиынның мән-жайына тоқталды.

Биыл Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев Түркістан облысы тұрғындарымен кездесуде Түркістанға тарихи және рухани елорда мәртебесін беру мәселесін көтерген болатын. Бейсенбай Тәжібаевтің айтуынша, қазіргі таңда өңір басшысының қолдауымен Түркістанның тарихи келбетін аша түсетін маңызды жобалар қолға алынуда.

Жиынға қатысқан зиялы қауым өкілдері Түркістанды түлету бағытындағы пікірлерін айтты. Қоғам қайраткері Дархан Мыңбай Түркістанда қолөнерді дамытуды, қолөнершілерді шақыртып жағдай жасауды ұсынды. Парламент Мәжілісінің депутаты, ақын Қазыбек Иса Түркістанның Қазақ хандығының астанасы болғандығын басты назарда ұстау керектігін алға тартып, кітап қорын кеңейтуге өз үлесін қосатынын жеткізді. Ұлттық ғылым академиясының академигі, Президент жанындағы Ұлттық құрылтай мен Астана қаласы Қоғамдық кеңесінің мүшесі Кәрімбек Құрманәлі Түркістанды таныту мен насихаттауға жіті көңіл бөлу керектігін айтып, қасиетті шаһарда Ұлттық ғылым академиясының филиалын ашуды ұсынды. Ал белгілі журналист, «Астана ақшамы» газетінің бас редакторы Еркін Қыдыр Тәуелсіздіктің 30 жылында екі ұлы оқиға болғанын, бұл Астананың салынуы мен Түркістанның түлеуі екенін айтты.

Сондай-ақ Парламент Мәжілісінің депутаты, ақын Жанарбек Әшімжан, алаштанушы ғалым Қайрат Сақ, Жазушылар одағының Астана қалалық филиалының директоры Дәулеткерей Кәпұлы, жас ақын, «Дарын» Мемлекеттік жастар сыйлығының лауреаты Батырхан Сәрсенхан ойларымен бөлісті.

Осы жиын мақсатының бірі «Ауыл кітапханаларына 20 мың кітап» шарасы аясында елді мекендердің кітап қорын қалыптастыру болса, астаналық қаламгерлер кітапхана қорына 4 мыңға жуық кітап сыйға тартты.

ШӘМШІ ӘНДЕРІ ШАРЫҚТАДЫ

«Қазақстан» Орталық концерт залына Шәмші Қалдаяқов әндері кешіне келгендер алдымен көрмені тамашалады. Мұнда Түркістан облыстық тарихи-өлкетану музейі, «Ұлы дала елі» орталығы, Руханият – Әбу Насыр әл-Фараби музейі, Бейнелеу өнер музейі, Түркістан облысының мақта шаруашылығы тарихы музейі және Қажымұқан атындағы облыстық спорт музейінің жәдігерлері мен «Оңтүстікфильм» мекемесінің көрмесі қойылды. Көрмеге ғұлама ғалым, энциклопедист Әбу Насыр әл-Фарабиден бастап, даңқты балуан Қажымұқан, әйгілі композитор Шәмші Қалдаяқов, т.б. тұлғалардың мұралары, түркі тілдес елдердің ұлттық киімдері, қылқалам шеберлерінің туындылары, фотосуреттер, бір сөзбен айтқанда, өлкенің бай мұрасы мен тарихы қамтылған.

Ал «Менің Қазақстаным» концерті Түркістан облысының 5 жылдығы мен Шәмші Қалдаяқов атындағы Түркістан облыстық филармониясының 60 жылдығына орай ұйымдастырылды. Шәмшінің қарындасы Райхан Қалдаяқова кештің құрметті қонағы болды.

– Мағжан ақын айтпақшы, «Түркістан – ер түріктің бесігі мен екі дүниенің есігі». Түркістан – қазақ елінің рухани астанасы. Министр қызметіне тағайындалғанымда алғашқы сапарымды Түркістан облысынан бастадым. Шәмші ауылына барып, оның кіндігі тамған жерде жұртшылықпен кездескенде бірқатар уәде бердім. Соның бірі наурыз айында Астанада Шәмші Қалдаяқов әндерінің кешін ұйымдастыру болатын. Ол кеш өтті, сол ауылдың бір топ азаматы оның куәгерлері болды. Мәдениет – елдің рухани қазынасы, өнер – ұлттың жаны. Елордада Қазақстанның барлық жиырма аймағының кештері өтсе дұрыс болар еді, – деген Мәдениет және спорт министрі Асхат Оралов Түркістан облысының 5 жылдығы мен Шәмші Қалдаяқов атындағы Түркістан облыстық филармониясының 60 жылдығымен құттықтады.

Шәмшінің соңғы туындысы, ақын Сабырхан Асановтың өлеңіне жазылған «Отырардағы той» әнімен ашылған концертке облыстық филармония өнерпаздары мен танымал әншілер қатысты. Олар «Сүгір» атындағы қазақ ұлт аспаптар оркестрі мен «Алаш» вокалды аспаптар ансамблінің сүйемелдеуімен Шәмшінің өміршең әндерін әуелетті. «Яссы» және «Фараб» би ансамбльдері кешті мың бұралған бимен көркемдеді. Кеш барысында Қазақстанның Халық әртісі Нұржамал Үсенбаева, Мәдениет қайраткері Айжан Тәженова, белгілі әншілер Наркенже Серікбаева, Мамадияр Таукеев, Ғазизхан Шекербеков, «Славян базары» халықаралық фестивалінің бас жүлде иегері, «Дарын» мемлекеттік жастар сыйлығының лауреаты Рухия Байдүкенова, Дінмұхамед Байқожа, Айзада Әлімбек, Дана Мақатаева, Данияр Барыс, т.б. әншілер өнер көрсетті.

Бетті дайындаған **Аманғали ҚАЛЖАНОВ**

АҒАЙЫНДЫ АЛАШ ҚАЙРАТКЕРЛЕРІ

«АЛЖИР» мемориалды мұражай кешенінде «Алаш күндері» аясында Алашорданың Батыс бөлімінің 105 жылдығы мен Халел Досмұхамедовтің туғанына 140 жыл толуына орай «Алашорданың Батыс бөлімі қайраткерлерінің ұлттық идеология жолындағы күресі» атты республикалық ғылыми-тәжірибелік конференция өтті. Аталмыш шараны Батыс Қазақстан облысы Сырым ауданының әкімдігі мен Сырым Датұлы атындағы тарихи-өлкетану музейі ұйымдастырды.

Сырым Датұлы атындағы тарихи-өлкетану музейі директорының орынбасары Алмагүл Ойшыбаева Халел және Жаһанша Досмұхамедовтердің өмірі мен қызметіне арналған «Алашорданың Батыс бөлімінің жетекшілері» көрмесімен таныстырды. Көрме барысында Сырым ауданының әкімі Төлеген Төреғалиев сөз сөйлеп, «АЛЖИР» мемориалды мұражай кешеніне Ж.Досмұхамедов жерленген Мәскеу қаласындағы Бутово полигонынан әкелінген топырақты табыстады.

Конференцияға Парламент Сенатының депутаты Арман Өтеғұлов, тарих ғылымдарының докторы, профессор, алаштанушы Өмірзақ Озғанбай, жазушы, филология ғылымдарының докторы, алаштанушы Тұрсын Жұртбай Жаһанша Досмұхамедовтің немересі Гүлнәр Қуаншалеева қатысты. Батыс Қазақстан инновация-технология университетінің қауымдастырылған профессоры, тарих ғылымдарының кандидаты, Ж.Досмұхамедов атындағы «Қайраткер» қоғамдық қорының құрылтайшысы Дәметкен Сүлейменова, М.Өтемісов атындағы Батыс Қазақстан университеті «Қазақстан Республикасының тарихы» кафедрасының меңгерушісі, тарих ғылымдарының кандидаты Әлфия Байболсынова, Сырым ауданындағы Жаһанша Досмұхамедов атындағы «мектеп-бөбекжай-балабақша» кешені қазақ тілі мен әдебиеті пәнінің I санатты мұғалімі, педагогика ғылымдарының магистрі, педагог-сарапшы Алмажай Сүлейменова және Ж.Досмұхамедов атындағы жоғары педагогика колледжі «Бастауыш білім беру педагогикасы мен әдістемесі» мамандығының II курс студенті Гүлназ Қыдыр баяндама оқыды. Жиында Жаһанша Досмұхамедовтің жеке оқиғары болғанын және оның да 1938 жылы 8 шілдеде қамауға алынғаны айтылды.

Конференциядан бір күн бұрын Музыкалық жас көрермен театрында Бауыржан Ширмединұлының «Ақ киіз» атты тарихи драмасының премьерасы ұсынылды. Бұл – Жаһанша Досмұхамедов туралы туынды. Қойылым Алаш қайраткері туралы тарихи деректерге негізделіп сахналанды. Режиссері – Алмат Шәріпов. Жаһаншаның рөлін Сәндібек Өтеғалиев сомдады.

БАЙЖАНОВ БІРЛЕСТІГІНІҢ БАЗАРЛЫҒЫ

Астанада Еркеғали Рахмадиев атындағы Мемлекеттік академиялық филармонияның концерт залында Қарағанды облыстық Қали Байжанов атындағы концерттік бірлестіктің 85 жылдығына орай осы бірлестікке қарасты «Арқа сазы» фольклорлық ансамблі (көркемдік жетекшісі – Қазақстанның Мәдениет қайраткері Байғара Сәдуақасов) мен «Аққу» фольклорлы-хореографиялық ансамблінің концерті өтті.

Арқа әнінің ақтаңгерлері Құрмаш Ыбышев, Ержан Базарбеков салған әндер көрермендердің құлақ құрышын қандырды. Гүлмира Тапай, Ришат Шәбденов, Нұрлытаң Ермек сынды талантты әншілердің, Арман Айнабаев (домбыра), Дариға Хамза (қылқобыз), Елжас Кәрімов (домбыра) секілді музыканттардың өнері тәнті етті.

Кеште халық әні «Ақбақай», Балуан Шолақтың «Ғалиясы», Манарбек Ержановтың «Сайра, бұлбұл» әні, осы Астанада өткен майталман музыкант, күйші-композитор, дирижер Мұхаметқали Тіналиннің, көрнекті күйші-композитор Ермұрат Үсеновтің, астаналық филармонияға қарасты «Сарыарқа» этноансамблінің

көркемдік жетекшісі Тоғжан Жахиннің туындылары, Тәттімбеттің «Бес төре» күйі, т. б. шығармалар қалықтады.

«Аққу» фольклорлы-хореографиялық ансамблінің өнерін ерекше атап өту керек. Биші қыздар «Буын» биін (мұны жалпақ жұрт «Қара жорға» деп біледі) билегенде, есімізге осы биді өз кезінде билеген сегіз қырлы, бір сырлы азамат, суретші, актер, биші, биыл туғанына 110 жыл толған Әубәкір Ысмайылов түсті. «Жалғыз аққу» биі композитор Жағыпар Әлімхановтың «Жылжиды аққу» әніне қойылды. Қыздар билегенде көз алдымызға осы әннің сөзін жазған «Жезкиік» ақын Кәкімбек Салықовтың бейнесі келді.

Нұрлат БАЙГЕНЖЕ

ӨНЕРТАБЫС ӨГЕЙДІҢ КҮЙІН КЕШКЕН

Озық елдерде адам капиталы дамудың басты аспектісіне айналды. Мемлекеттің зияткерлік меншігін бағалайтын тәсілдің бірі – заманауи өнертабыста. Ал өнертабысты патенттеу – авторлық құқықты қорғап, өндіріске енгізіп, экономикаға серпін беру. Латынның «patents» сөзінің мәні – жаңа ашылым. Белгілі бір саладағы инновациялық жаңалық деуге болады. Патенттеу қозғалысы біздің елде қалай дамуда?

ӨНЕРТАБЫС – ҚОЗҒАУШЫ КҮШ

1474 жылы Венецияда патенттеу ісі басталып, өнертабысты басқа адамның иеленіп кетпеуі үшін құжаттандыру жолға қойылды. 1624 жылы Англияда жаңа өнертабыс жобалары патенттелсе, 1787 жылы АҚШ-та зияткерлік меншік жүйесі конституциямен қорғалып, жеке тұлғаларға беріле бастады.

Осы кезеңдері адамзат өнеркәсіптік революцияның үш кезеңін бастан өткізіп, дамудың жолын тапса, мұның бәрі білім мен ғылым саласындағы өнертабыстың нәтижесі екені даусыз. Мәселен, 1876 жылы Александр Грейам Белл алғашқы телефон қоңырауын өзінің көмекшісі Томас Джон Уотсонға шалды. Сөйтіп, екі бөлмеде отырған адам бірбірімен электр тербелісін дыбыс тербелісіне түрлендіруге арналған электроакустикалық аспап – телефон арқылы сөйлесті. 1878 жылы Карл Бенц екі тактілі қозғалтқышты патенттеді. Бұл көлік өндірісінің бастамасы еді. 1887 жылы хорват өнертапқышы Йосип Белушич спидометр ойлап тауып, бұл жоба Париж вагондарына орнатылды. Бүгінде әуе, теңіз және құрлықта қатынайтын көлік түрлеріндегі спидометр Белушич ойлап тапқан өнертабыс негізінде жүзеге асты. 1928 жылы Лондонда инженер Ованес Адамян бірінші эксперимент ретінде түрлі түсті теледидарын таныстырды. 1907 жылы неміс өнертапқышы Карл Ято алғашқы ұшақтың жобасын жасап, 2,5 метр биіктікте 60 метрге үздіксіз ұшуға қол жеткізді. 1930 жылы американдық физик Джон Атанасов алғашқы электронды-цифрлық компьютерді ұсынды. 1938 жылы американдық физик Честер Карлсон алғашқы көшірме жасайтын ксерокс аппараты – электрофотографиямен ғылыми ортаны таңғалдырды. 1957 жылы канадалық дәрігер Томас Чанг әлемде бірінші болып жасанды жасушаны ойлап тапты. Бұл жобалар қоғамның қозғаушы күшіне айналып, ғылыми-техникалық прогрестің бастауында тұрды.

Қазақстан социалистік жүйеден нарықтық экономикаға ауысумен қатар санаткерлік меншік құқығын қорғауды жетілдіріп, «өнеркәсіптік меншік», «интеллектуалдық меншік», «патент», «патент иеленуші» ұғымы қолданысқа енді.

Патенттің экономикалық пайдасымен бірге зияткерлік меншік құқығын қорғауға мүмкіндік береді және адамның шығармашылық әлеуетін көтеруге ынталандырады.

Зияткерлік меншік жөніндегі дүниежүзілік ұйым (WIPO) әлем елдерінің зияткерлік капиталын саралауда патент статистикасын есепке алады. Бұл рейтингте Қытай көш бастайды. 2017 жылы – 1 миллион 475 мың, 2018 жылы – 1 миллион 381 мың, 2019 жылы – 1 миллион 542 мың, 2020 жылы түрлі саладағы өнертабысқа 1 миллион 400 мың патент береді. Қытайдың экономикалық дамуында зияткерлік меншіктің үлесі басым екенін осыдан көруге болады. Өйткені әрбір патенттің артында әртүрлі салаға енген инновациялық жобалар тұр. Бұл өнімділікті арттырып, қызмет көрсету сапасына әсер ететіні анық.

Халықаралық ұйымның есептеуі бойынша 2020 жылы АҚШ-та – 621 мың, Жапонияда – 307 мың, Оңтүстік Кореяда – 219 мың, Германияда 78 мың өнертабыс патенттелді. Үздік бестікке енген осы елдер әлем нарығына жаңа инновациялы технологияны көптеп экспорттайды. Бұл – WIPO-ның қорытынды мәлімдемесі.

> 2020 жылы алғашқы ондыққа енген Үндістанда – 53 мың, Канадада – 36 мың, Ресейде – 35 мың, Австралияда – 29 мың және Бразилияда 25 мың өнертабыс заңды тұрғыда қорғауға алынды. Бұл санатта 171 елдің арасында Қазақстан 145-орыннан көрінсе, Тәжікстан 114-інші, Қырғызстан 88-інші, Өзбекстан 55-орында тұр

2020 жылы алғашқы ондыққа енген Үндістанда – 53 мың, Канадада – 36 мың, Ресейде – 35 мың, Австралияда – 29 мың және Бразилияда 25 мың өнертабыс заңды тұрғыда қорғауға алынды. Бұл санатта 171 елдің арасында Қазақстан 145-орыннан көрінсе, Тәжікстан 114-інші, Қырғызстан 88-інші, Өзбекстан 55-орында тұр.

Бәлкім, 2020 жылы Қазақстан тарапы құжатты уақытылы тапсырмаған болар, сол себепті Шри-Ланка (53-орын), Гватемала (69-орын), Мозамбик (94-орын), Самоадан (112-орын) төмен тұрған шығармыз деген ой келді. Сөйтіп, 2017 жылғы рейтингті қарап, 716 өнертабыс құжаттанғанын білдік. Бұл көрсеткіш әлем рейтингінде 19-орыннан көрінуге себеп болыпты. 2018 жылы – 1228, 2019 жылы 982 қазақстандық өнертапқыш өз жобасын патенттеп, сәйкесінше, әлемдік рейтингте 44 және 47-орынға тұрақтады.

ҚАЗАҚСТАНДА НЕГЕ ДАМЫМАЙДЫ?

Қазақстанда патенттеуге Әділет министрлігіне қарасты Ұлттық зияткерлік меншік институты жауапты. Орталықпен байланысып, ғылыми жобаны немесе өнертабысты патенттеудің жөн-жобасын сұрадық.

– Белгілі өнімді немесе әдісті жаңа мақсатта қолдануға жататын кез келген саладағы техникалық шешім өнертабыс ретінде қорғалады. Егер өнертабыс деңгейіне жеткен әрі өнеркәсіпте қолдануға жарамды болса, өнертабысқа құқықтық қорғау беріледі. Өнертабыс патент заңына сәйкес жүргізілген сараптама нәтижесі бойынша қорғалады. Өнертабыс, пайдалы модель, өнеркәсіп үлгісі, селекция жетістігі, интегралдық микросхема, топология, тауар таңбасы, географиялық нұсқама және тағы басқа ақпаратты жинаймыз, – деді институт директорының орынбасары Айша Жұмабекова.

Ұлттық зияткерлік меншік институты ұсынған мәліметке сүйенсек, 2020 жылы – 900, 2021 жылы – 805, 2022 жылы 585 өнертабыс патенттелді. Соңғы үш жылды салыстырғанда, тауар таңбасына көп құжат тапсырылды. Мәселен, 2020 жылы – 4676, 2021 жылы – 4955, 2022 жылы 5165 тауар таңбасы құжаттанды. 2022 жылы 864 пайдалы модель, 176 өнеркәсіп үлгісі, 39 селекция жетістігі құжаттанды. 2019-2022 жылы мектеп оқушылары 14 өнертабыс, 29 пайдалы модель бойынша өтініш беріп, өз жобасын патенттеді.

Енді салалар бойынша дәйектейтін болсақ, 2022 жылы химия және металлургия саласында – 93, құрылыс, тау-кен ісінде – 41, механика, жарық беру, жылу – 31, физика – 72, электрлендіру бағытында 36 қорғау құжаты берілді.

– Қазақстанда ең табысты патент өнімі ретінде QazVac вакцинасын атау керек. Әлемде алғашқы болып коронавирус індетіне қарсы өз вакцинасын дайындаған бес елдің қатарына енді. Басқа салаларда, атап айтқанда, тау-кен, ауыл шаруашылығы, құрылыс саласында, басқа да көптеген патент өз қолданысын тауып жатыр, – деді Айша Жұмабекова.

Қазақ ғылымын дамытып, ұлттық экономикаға серпін беретін ерекше патент-жобалары бар ма? Патенттеудің маңызы неде? Бұл сұрақты Л.Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университетінің профессоры Асқар Баубекке қойдық.

– Жаңа технологиялар мен инновацияның енгізілуінде патенттеу өнері маңызға ие. Озық елдердің ғылыми-техникалық прогресінен осыны көруге болады. Ғылым жолында 9 жобаны патенттедім. Оның біреуі халықаралық деңгейде мойындалды. Германияның Санкт-Антон қаласындағы патенттеу орталығында сараптамадан өтті. Отын түрін тұтатып, жандыратын құралды шетел орталығы 26 ай зерттеді. Бұл құрылғы арқылы газ бен мазутты оңай жағуға болады, – деді ғалым.

Жасыратыны жоқ, Қазақстан ғалымдары жобасын АҚШ және Еуропа елінің компанияларына көптеп ұсынады. 2005 жылдары Бақытжан Әлменовтің гидравликалық қондырғысын Женева халықаралық бюросы патенттеді. Профессор Болатбек Өтеғұлов тұйық су көзін пайдалану арқылы арзан электр қуатын алуды зерттеп, оны патенттеп, Германияның компаниясына ұсынды.

Мұның себебін Асқар Баубек былай түсіндірді:

«Дамыған елдерде коммерцияландыру – бәсекеге қабілетті болудың негізі. Яғни ғылыми-зерттеу жұмысының нәтижесі коммерцияландыру арқылы экономикалық табысқа жетеді. Инвесторлар перспективалы өнертабыс жобасын жиі қаржыландырады. Ал біздің елде ғылымды коммерциялауға, инновациялық экономика құруға талпыныс болғанмен, нақты қадам болмай тұр. Сол себепті өнертабыс саласына қызығатын адам көп емес».

Қазақстан өнертапқыштары туралы сөз қозғағанда, Күшқуат Таласбаевтың мұнай өндіру саласына 9 өнертабысты енгізгенін айтуға болады. Өнертапқыш Өскенбай Мәдиевтің ізденісі нәтижесінде тері өңдеу процесінде өнім түрін көбейту және сапасын арттыруға жол ашылды. Салтанат Каменова медицина саласында 4 жобаны патенттеді. Астаналық өнертапқыш Серікбол Шаймардан электронды бесік ойлап тапқанын жақсы білеміз.

P.S: ***2018 жылы АҚШ-тың Патенттік және тауарлық белгілер жөніндегі басқармасы (USPTO) 10 миллионыншы патентін беріп, жаһан жұртының назарын өнертабыс өнеріне аударды. 1885 жылы 18 сәуірде құрылған Жапония патенттік ведомствосы (JPO) өнеркәсіптің дамуына ел тұрғындарын белсенді қатысуға ынталандырып келеді. Қазақстан үшін өркениет көшінде орнын айқындап, ғылым саласын коммерцияландырып, жастардың өнертабыс саласына қызығушылығын арттыру маңызды. Біз осыны түсініп, ойға түйдік.***

МЕКТЕПТЕГІ БУЛЛИНГ ҚАШАН ТОҚТАЙДЫ?

Оқу жылы аяқталуға таяу. Жетістіктеріміз де көп, болашақта түзеуге тиіс кемшіліктеріміз де жоқ емес. Мектеп – тек білім алатын жер ғана емес, баланың өзіне алғашқы достарын, үйден бөлек, тағы жақын ортасын табатын, сондай-ақ, алғаш қоғаммен байланыс орнату орны. Басқалармен қарым-қатынас жасау, өзінің шекарасын орнату және жеке тұлға ретінде қалыптасуына қадам жасау осы жерден басталады.

Осы ретте мектепте балалар арасында болып тұратын буллинг мәселесі әлі де ауқымды, өзектілігін жояр емес. Әр сыныпта мінезі шатақ, қиын оқушылар болады. Психологтардың айтуына қарағанда, мұндай балалардың көбі отбасында тұрмыстық зорлық-зомбылықты көрген, психологиялық жағынан соққы алған жеткіншектер екен. Үйінде зәбір көрген бала өз ашуын басқалардан күш көрсету арқылы алады. Мұндай балаға тез арада психологтың көмегі қажет. Әйтпесе баланың көңіл күйіндегі құбылыстың салдары, зияны басқа балаға тиюі әбден ықтимал.

Статистика бойынша еліміздегі әрбір екінші оқушы мектепте не үйде қысым көреді екен. Өкініштісі, буллингтің зардабы үлкен. Ол тек психологиялық қысым жасап қана қоймай, суицидке де апаруы мүмкін.

Қазақстан суицид жасаудан, соның ішінде 15-17 жас аралығындағы жасөспірімдердің өз-өзіне қол жұмсаудан, соңғы 5 жылда әлем елдері бойынша алдыңғы орындарда тұр. Бұл қоғамдағы әлеуметік-тұрмыстық мәселелер мен балаларды қорғаудың сәтті механизмінің болмауынан деп болжайды мамандар.

НЕ ІСТЕУ КЕРЕК?

Психологтар мынадай кеңес береді:

- баладан күніне бір рет мектептегі жағдайы қалай екенін біліп отыру;
- мектепте қысым көретін балалардың әдетте ұйқысы мазасыз, қорқынышты түстерді жиі көреді;
- тыныштықта көп болу;
- көңіл күйі көбіне түсіңкі, тез ашуланады, мазасыз, үйде шектен тыс агрессивті;
- көп жағдайда энурез болады;
- өзгелерден оқшаулану;
- өзі жайында айтпаса да, басқа қысым көрген бала туралы айтса, міндетті түрде реакция білдіріңіз.

Қазақстан суицид жасаудан, соның ішінде 15-17 жас аралығындағы жасөспірімдердің өз-өзіне қол жұмсаудан, соңғы 5 жылда әлем елдері бойынша алдыңғы орындарда тұр. Бұл қоғамдағы әлеуметік-тұрмыстық мәселелер мен балаларды қорғаудың сәтті механизмінің болмауынан деп болжайды мамандар

Осы жайттарды байқаған болсаңыз, баламен ашық диалог құрып, көп сөйлесу қажет. Бала біреу ренжіткен болса, сізге немесе мұғаліміне айтуы керек екенін анық білуі тиіс. Балаға психологиялық және эмоционалдық қолдау жасап, оның жағында екеніңізді білдіріңіз.

Бұл жөнінде мектеп психологтары да белсенді жұмыс жүргізуі керек. Балалар арасындағы кикілжіңді шешуге көмектесіп, оқушының абыройын түсірмей, дұрыс қарым-қатынас орната алғаны жөн. Әр балаға жеке тұлға ретінде қарап, оның даму жолындағы қиындықтардың себебін, оны жеңу жолдарын қарастырып, жеке құқығын үйреткені дұрыс.

Оқушы–ата-ана–мұғалім: осы үшеуі бірлескенде ғана тәрбиедегі ең өзекті мәселелердің өзі де оңай шешіледі.

Ғаухар АМАНГЕЛДІ,
Л.Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университетінің 2-курс студенті

№62 (4495) 27/05/2023 Сенбі

ТӨТЕНШЕ КОМИССИЯ АШ АУЫЛДАРҒА ҚАНДАЙ КӨМЕК БЕРДІ?

Елді аштық жайлап алған осы кезде, яғни 1921 жылдың аяғы мен 1922 жылдың басында астана қала Орынбордағы Қазақ автономиялы республикасының басшы мекемелері Қазақстанның орталық өкіметі жер-жердегі қайғылы жағдайлардан хабардар еді. Ашаршылыққа ұшыраған Орал, Торғай, Ақмола аймақтарындағы жағдайды бақылап, реттеп отыру үшін Қазақстан орталық атқару комитетінің төрағасы Сейітқали Меңдешев басқарған орталық төтенше комиссия құрылды.

1921 жылғы 26 қазанда ҚОАК ықшам төралқасы (малый президиум КЦИК – З.Т.). Мұхтар Әуезовті сол орталық комиссия төрағасының орынбасары етіп бекіту жөнінде ұсыныс тұрғысында қаулы алады. Бұл қызметтен Шнейфар босатылады. Бірақ ертеңінде, яғни 27 қазанда болған үлкен төралқа бұл шешімді бекітпеді. Мұхтар Әуезов орталық комиссияның мүшелігіне енгізілді, оның орнына, яғни төрағаның орынбасарлығына Сергеев бекітілді. Бұл арада, біріншіден, М.Әуезовтің ҚОАК саяси хатшысы міндетіндегі жұмысының көптігі, екіншіден, бұрынғы Алашордадағы қызметтері «еске алынуы» мүмкін екені құжаттардан көрінеді.

1921 жылғы 10 желтоқсанда Қазақстандағы кеңес құрылысын нығайту, әсіресе, елдегі алапат аштықпен күрес мәселелерін талқылаған ұлты қазақ коммунист қызметкерлердің жиналысы болды. Бұл жиынға Әліби Жангелдин төрағалық етті.

Қатысқандар: Әуезов, Алманов, Асылбеков, Нахимжан, Кенжин, Байтұрсынов, Байділдин, Төлепов, Жаманмұрынов, Сарымолдаев, Жүргенов, Нұрмұхамбетов, Игіліков, Қаржасов, Біржаров, Оразбаева, Саматов, т. б.

Күн тәртібіне екі мәселе қойылды:

1. Қырдағы аудандардың аштыққа ұшыраған тұрғындарына нақты көмек көрсетуді ұйымдастыру.

2. Қазақ қызметкерлерін осы жұмысқа тарту және оларды тиімді пайдалану, сондай-ақ, Түркістан Республикасына қоныс аударған қазақ қызметкерлерін кері қайтарудың амалын қарастыру.

Жиналысқа Қазақ облыстық партия комитеті атынан қатысқан Авдеев, жалпы алғанда, қазақ қызметкерлерінің пікірін қолдап, республикадағы басқарушы мекемелер мен ұйымдарда қазақтар мен қазақ емес басқа ұлт өкілдерінің арасында принципті мәселелер жөнінде келіспеушілік бар екенін мойындады.

Қазақстан орталық атқару комитеті өткізген осы кеңесте «Қырдағы аудандардың аштыққа ұшыраған халқына нақты көмек көрсетуді ұйымдастыру туралы» М.Әуезовтің баяндамасы тыңдалды. Әуезов: «Аштарға көмек көрсететін ұйымдардың қолы қыр еліне әлі жеткен жоқ. Олардың таяу арада жетуі де неғайбыл» екенін атап көрсетіп, оның басты себептерін санамалап берді:

1. Ауылдардың тікелей өзімен араласа отырып, олардың мұқтажын анықтайтын қызметкерлер жоқ (яғни М.Әуезовтің қолындағы губерниялар мен уездерде құрылған ашыққандарға көмек

> 1921-1922 жылдары Қазақстанның бес губерниясында 3 миллион 353 мың адам ашаршылыққа ұшыраған, одан өлгені – 1,5 миллион. Ақмола губерниясында 1921 жылдың наурыз айында есептегі 1021164 адамның 472 мыңы аштыққа ұшыраған. Бұл – Орынбордан Кеңес Одағының орталық билік органдарына берілген ресми ақпар ғана

беретін ұйымдардың құрамында ұлты қазақ қызметкерлердің жоқ екені көрініп тұрды – З.Т.).

2. Аштыққа ұшыраған қазақтар нақты бір жетекші адам болмаса, өздеріне арналып мемлекет тарапынан бөлінген үлесін де ала алмайды. Өйткені қазақтар бір үзім нан үшін жат жерде қол жайып қаңғырып жүргеннен гөрі, үйінде өлгенді артық санайды. Тіпті, көмек іздегеннің өзінде, қараңғы, аңқау қазақ оны таба алмайды.

3. Жергілікті жерлердегі аштарға көмек беретін ұйымдар, әлбетте, қолтығының астындағы, яғни жақын жердегі қалалар мен қала маңындағы селоларды қамқорлыққа алуға тырысады. Демек, қаладан шалғай орналасқан қазақ ауылдары көмектен үнемі қағажу қалады.

Ақиқатын айтатын болсақ, қырда қырылып жатқан қазақтың жағдайына қарағанда, қаладағы аштықтың үрейлі көріністері ойыншық сияқты әсер қалдырады (М.Әуезовтің баяндамасы орысша, біз ықшамдап аудардық. Ал мына соңғы сөйлемде автордың стилі мейлінше сақталды – З.Т.).

«Егер де бұл аудандарды аштықтан құтқару үшін дәл қазір шұғыл түрде үзілді-кесілді шаралар қолданылмаса, Қазақ республикасы қазақсыз қалады. Көптеген аудандағы қазақтар бірталайдан бері тек қана көртышқан, суыр, тағы сол сияқты жәндіктермен өзегін жалғауда. Соның салдарынан ауылда әртүрлі жұқпалы аурулар мен індет түрлері бұрын естіп-білмеген көлемде таралып барады. Мұның барлығы аштарға көмек көрсету ұйымдарының қыр еліне (қазақтар деп оқыңыз – З.Т.) жаны ашымайтынын, олардың тағдырына немкетті қарайтынын көрсетеді. Сондай-ақ, осындай қасірет отын өшіруде қазақ қызметкерлерінің енжарлығы байқалады. Билік басында отырған қазақ қызметкерлері, бұл істі дәл осы күйінде қалдыруға болмайтыны өз алдына, бұл – сіздер үшін қылмыс. Бәріміз осы үшін қазақ елінің алдында, өзіміздің арымыздың алдында жауаптымыз» деді М.Әуезов.

Баяндамасының соңында М.Әуезов қырдағы аштарға көмек көрсету шараларының жоспарын ұсынды. Жиналыс сол жоспарларды негізге алып қаулы қабылдады. Кейін қазақ халқының атын әлемге танытқан ұлы ойшыл, кемеңгер жазушы Мұхтар Әуезов осы сөздерді айтып, халқының тағдыры үшін еңіреп тұрғанда 25 жастан жаңа ғана асқан еді.

Бұл баяндаманы толық келтіріп отырғанымыз – «Қырдағы ел», «Қыр қазақтары» деген атаулар Ақмола, Семей, Торғай губернияларының аймақтарын түгел қамтыды. Осылайша, республиканың қыр аймақтарында ашаршылыққа ұшыраған халыққа көмек көрсету деген жалпы бағдарлы мәселенің аясында, әсіресе, қорғанышы осал, әлсіз, аңқау, сондықтан да қырылып қалуға әбден бейім қазақ ауылдарына ерекше назар аудару керегі мемлекеттік деңгейде арнайы көтерілді.

Көп ұзамай, сол 1922 жылдың қаңтарында ҚОАК саяси хатшысы М.Әуезов аштарға көмектесу жөніндегі орталық комиссиясының мүшесі ретінде Орал губерниясын аралап қайтты.

Осы сапардың қорытындысы бойынша ол РКП (б) облыстық комитетіне есеп берді. Орал губерниясында ашаршылыққа ұшыраған халықтың жағдайын баяндай келіп, М.Әуезов бұл аймақтың Ақмола губерниясына бекітілгенін, яғни Қызылжардағы билік орындарының жұмысын ширату керегін баса 10 желтоқсан күнгі жиналысында: «Аштарға көмек көрсету жөніндегі төтенше комиссиялардың құрамында қазақ өкілдері жоқ. Сондықтан аштыққа ұшырап, қатты ауыртпалық тартып отырған қазақ ауылдарына тиісті көмек берілмеуде» деген тұжырым жасалды. Демек, жағдайды түзеу үшін қазақ қызметкерлерінен тез арада жауапты өкілдер жасақтап, тікелей қазақ ауылдарына жіберу жөнінде М.Әуезовтің ұсынысы бірауыздан қолдау тапты. Алайда Қазақ орталық атқару комитетінің саяси хатшысы М.Әуезов бастаған қазақ қызметкерлерінің бұл шараларын олардың қазақ емес коммунист әріптестері сол жерде-ақ «ұлтшылдықтың көрінісі» деп бағалады. Олар аштыққа ұшыраған жартылай көшпелі қазақ ауылдарының мемлекет тарапынан ешқандай көмек алмай жатқанын көргісі келмеді.

Сырт қарағанда, аштан қырылып жатқандарды ұлтқа бөлуге болмайтыны рас сияқты еді. Бірақ қазақ ұлтының өзіне ғана тән мінез-құлқын, төзімін, тұрмыс-тіршілік әрекетін «коммунист жолдастар» түсінбеді, түсінгісі де келмеді.

1922 жылғы 15 ақпанда Қазақ облыстық партия комитеті төралқасының мәжілісінде ҚОАК саяси хатшысы Мұхтар Әуезов өзі іссапармен барып, аралап келген Орал губерниясындағы жағдай туралы баяндама жасады. Ол аштықтың зардаптары күннен-күнге асқынып келе жатқанын, орталық үкіметтен бөлінген көмектің кешігіп отырғанын айтты.

Осы 1921-1922 жылдары Қазақстанның бес губерниясында 3 миллион 353 мың адам ашаршылыққа ұшыраған, одан өлгені – 1,5 миллион. Ақмола губерниясында 1921 жылдың наурыз айында есептегі 1021164 адамның 472 мыңы аштыққа ұшыраған. Бұл – Орынбордан Кеңес Одағының орталық билік органдарына берілген ресми ақпар ғана. Ал қай сайда қанша қазақтың сүйегі құрап қалғанын дәл есептеген кім бар деп тереңірек ойлансақ, халық қасіретінің көлемін елестетудің өзі үрейлі.

Автономиялық республика болдық, Қазақстан деген мемлекет құрамыз деп жан сала іске кіріскен қазақ зиялыларының өз ұлты алдында адал атқармақ іс-жоспары осылайша тас-талқан болды. Олардың меселі қайтты, тауы шағылып, «балапан басына, тұрымтай тұсына» кетті. Ұлттың қаймағы іріді.

Дәл осы жағдайда Мұхтарлардың, Мағжандардың, Смағұлдардың... бүкіл ой-арманы адыра қалды, жігерін құм қылып, өмірден түңілдірді. Орынбордың, ондағы Мұхтар Әуезов сияқты басшы қазақ қызметкерлерінің дүмпуімен, Қызылжардағы төтенше комиссияның құрамына комиссия төрағасының орынбасары болып қосылған Мағжан Жұмабай губернияны аралауға аттанды. Көкшетауға барып, ол жақтағы жағдайды көзімен көрді. Халықпен сөйлесіп, азын-аулақ тағаммен бөлісуге үндеді, мал жинады, азыққа пайдалану үшін тері жинағанын да келесі бір жолы айтамыз...

Зарқын ТАЙШЫБАЙ,
М.Қозыбаев атындағы СҚУ профессоры,
Қазақстанның еңбек сіңірген қайраткері

ЗҰЛМАТ ЗАМАН ЗАПЫРАНЫ

Кеше Астанадағы Қолжазбалар және сирек кітаптар ұлттық орталығы мен Астана қаласының мемлекеттік архиві «Зұлмат заман қасіреті» атты архив құжаттарының көрмесін өткізді. Шараға Мәдениет және спорт министрлігі Архив істері және құжаттаманы басқару комитетінің өкілдері, Л.Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университетінің ғалым-профессорлары, «АЛЖИР» мемориалды-мұражай кешені қызметкерлері, студенттер және мектеп оқушылары қатысты.

Көрмені ашқан Қолжазбалар және сирек кітаптар ұлттық орталығының директоры Жандос Болдықов және Астана қаласы мемлекеттік архивінің басшысы Берік Төребеков тарихты еске алу, бағалау, мұраларды келешек ұрпаққа жеткізудің маңызы туралы айтты. Осыдан тура отыз жыл бұрын елімізде «Жаппай саяси қуғын-сүргін құрбандарын ақтау туралы» заңның қабылдануы үлкен серпіліс әкелді. Ал тарихымыздағы «ақтаңдақ беттер» ел есінде мәңгі сақталуы үшін 1997 жылы Қазақстан Республикасының Президенті Жарлығымен 31 мамыр Саяси қуғын-сүргін және ашаршылық құрбандарын еске алу күні деп бекітілді. Содан бері кеңестік солақай саясат құрбандарын еске алу, оларды жазықсыз жағылған қара күйеден аршу бүгінгі ұрпақтың парызына айналды. 2020 жылы 24 қарашада Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев «Саяси қуғын-сүргін құрбандарын толық ақтау жөніндегі мемлекеттік комиссия туралы» Жарлыққа қол қойды. Бұл бағытта біраз жұмыс атқарылды. Жиында сөз сөйлеген тарихшылар осыны атап өтті.

Қаралы жылдар жайында шағын фильм көрсетіліп, жәдігерлер таныстырылды. Көрме үш бөлімнен құралды. Бұл – ашаршылық құрбандары жайлы фотодеректер, ашаршылық құрбандарына қатысты кітаптар және «Архив-20-25» мемлекеттік бағдарламасы аясында Ресей, Үндістан, Түркия сияқты шетелдік архивтерден, ғылыми орталықтардан әкелінген құжаттар. Тарихи деректер оқушылар мен жастардың тарихқа деген қызығушылығын арттырды. Мысалы, латын әліпбиіне көшу тарихы, кириллица тек отарсыздандыру мақсатында енгізілді деген пікірлер айтылды.

– Қазір өлгеніміз тіріліп, өшкеніміз қайта жанғандай кезеңдеміз. Халқымыздың басынан өткен қайғылы жағдайларды өскелең ұрпаққа жеткізу – бұл көрменің негізгі мақсаты. Жаппай саяси қуғын-сүргін және миллиондаған адамның қаза болуына әкеп соққан ашаршылық – тарихымыздың ең ауыр кезеңінің бірі. Өткенді еске алу, мұрамызды сақтау – парызымыз, – дейді тарихшы ғалым Мұхамедқали Баймұқанов.

Жібек РАХИМОВА,
Л.Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университетінің 2-курс студенті

Уақыт өтіп, жылдар жылжып, ғасыр алмасқалы алдыңғы толқын ағалар сиреп, тәубе, кейінгі толқын өсіп келеді. Сол алдыңғы толқын ағалардың бірі Әділ аға Дүйсенбек еді. Жиырма жылдан аса қасында жүріп, ағалық қамқорлығын көрдік. Сыйлас інісі болдық. Қандай кішілік, кісілік десеңізші, ағалық жасына, ақ қырау шалған шашына қарамай, атымызды тура атамай «Сүке» деп өтті.

ЖАҚСЫЛАРДЫҢ САРҚЫТЫ ЕДІ...

«Өзіңнен кейінгілерді көріп қартаймақ» түгіл, қайран қалатын кездерің де болады екен. Әсіресе мына зымыран заманда!» деп, мен алпысқа келгенде «Ізгілік іздері» деген мақала жазып, Алматы облыстық «Жетісу» газетіне жариялады. Шераға (Мұртаза), Мамадияр аға (Жақып), Әділ аға (Дүйсенбек) – «Егеменнің» үш бәйтерегі бастап, Жанат ағамыз (Елшібек), екі Ерекең, Жәкең – Ержұман (Смайыл), Еркін (Қыдыр), Жанболат (Аупбаев) қоштап, Арқа төсіндегі елордаға алып келіп еді-ау! Жаңа астанада Әділ аға үлкеніміз болса, Дариға тәтеміз салт жүрген біздерге қай кезде де дастарқанын жайып, қамқорлық көрсеткенін айтпай кетсек, арға сын болары ақиқат. Мен Әділ ағаны өткен ғасырдың жетпісінші жылдарынан білетін едім. Алғашында тай-құлындай тебісіп бір сыныпта оқыған ауылдасы, өмірдің талай өткелін артқа тастап, қара жұмыста шыныққып, кеудесіне Еңбек Қызыл Ту орденін тағып, озаттар қатарынан табылып, ұлды-қызды болып, өзіне-өзі келген соң, отызды еңсеріп барып, бастағы арманына табандылықпен қол жеткізген курстас ағамыз Жақан Күләшев арқылы араласып едік. Ол кездегі «Социалистік Қазақстанның» («СҚ») даңқы дүркіреп тұрған кез. Жақан ағамен бірге «СҚ-ға» жиі барамыз Әділ ағаға. Балаң кез, көңілдегі көк дөнен қырға да, ойға да жүйткиді. Мен үшін бас басылымдағылардың бәрінің басы бақыттан айналып отырғандай көрінеді. Именіп жүреміз. Сәті түссе, сәлемдесіп қаламыз. Ізетпен. Сөйлесе қалса, жүздері жылы, сөздері шуақты, мендері кем. Сол жақсылардың үлгісін бізге Әділ аға ылғи айтып жүретін. «Ана Ерағаларың (Смайыл) «СҚ» мен «ЕҚ-ның» өз дәстүрі бар, ол – үлкеннен үлгі, жастан ізет дейтін сөзі – баяғыдан келе жатқан сабақтастық. Содан көз жазып қалмасақ екен. Ағаларымыз айбынды, шетінен тұлға еді-ау!» дейтін бас қосып, арғы-бергіні әңгіме желісіне айналдырғанда. Бір замандары арманға айналған бас басылымға келгенімде Әділ аға демеп, қолдап жүрді. Жақсыма қуанып, олқы тұсыма бағыт берді. Осы арада мына бір табандылықты айта кетуді парыз санаймын. Ол – еңбек жолын «Егеменнен» («СҚ-дан») бастап зейнетке шыққандар санаулы, біз білетін үшеу ғана. Біріншісі Хайдар Баймұхамбетов болса, екіншісі – Әділ Дүйсенбек, үшіншісі Марат Аққұл болатын. Марат марқұм «Егеменінің» табалдырығын аттай беріп, Алланың аманатын тапсырып, қызмет орны киелі шаңыраққа адалдығын көрсеткенде, әсіресе егемендіктердің, естіген жұрттың ет жүрегін шымырлатқаны ақиқат. Әділ аға қазақ баспасөзіне бар саналы өмірін арнаған азамат еді. Бұл саладағы жазған дүниелері газет бетінде қалмай, көлемді кітаптарында жарық көрді. Басқасын айтпағанда, «Шынайы өмір шырайы» кітабы сөзімізге дәйек болары хақ. Біріншi бөлімінде Отанымыздағы сан салалы кәсіп иелерінің әр жылдардағы тыныс-тіршілігін жан-жақты қамтыса, «Егеменде» еңбек еткендер» деген екінші бөлімде ардақты ағаларынан бастап, замандастарын, кейінгі толқынды қамтып, есте сақталған талай кезеңді, түрлі қызық-хикаяны баяндайды. Кейінгі жасты кемелдікке тарту ісінде кеңдік танытып, қамқорлығын аямаған абзал ағаларының аялы алақанын, тигізген шарапатын тек сөзбен ғана емес, дәлелмен айтады. Ал көркем шығармалары – өз алдына бір әлем. Соның ішінде алғашында «Менің Шерағам», кейін толықтырылған нұсқасы «Шерағамның шеруі» роман-эссесі – сүбелі дүние, қабырғалы еңбек. Алғашқы шығарылымына «Егеменге» талдау мақала бердім. Шераға да, Әділ аға да ризалығын білдіргені есте. Сол бес жүз бетке таяу роман-эссе жайлы «Жинақта Шерағаңның бірде бала, бірде дана, бірде көл, бірде шөл, бірде тарпаң, бірде салқам мінездері жарасымды да жанжақты көрініпті. Қысқасы, ірі тұлғалар көктен салбырап түспейді, бәрі – өзіміз сияқты пенде, бірақ олардың көпшіліктен ерекшелігі – ой мен парасат биіктігінде, шамырқанса шарт сынар, сынбас бұрын ұлтының намысы үшін керек жерінде сілкініп қалар қайраулы семсер бола білетіндігінде... Жазушы Ә.Дүйсенбектің «Шерағамның шеруі» атты романы қалың оқушыны таза әдебиеттің ауылына қарай қайта жетелеуде, арзанды қымбаттан ажырата білуде елеулі еңбек екені сөзсіз» деген еді айтулы қаламгер, Еңбек Ері Дулат Исабеков. Осы бағаның өзі шығарманың шырайын ашып тұрғаны анық. Журналист-жазушы Әділ аға Дүйсенбек «Егеменнің» әр атаулы күніне орай жарық көрген кітаптарына көргені көптігімен кеңесші болып қана қоймай, шежіресін түзуге де ерекше үлес қосты. Басылым тарихын қамтыған өзінің «Қара шаңырақ» деген жинағын шығарды. Әділ аға туралы айта берсек, есте қалғандар баршылық екен. Әсіресе Астанаға келген алғашқы жылдары оңай болған жоқ. Бірте-бірте елорда көтерілді, елдік деген ұғым бәрімізді қанаттандырды. Тұлпар текті ағамыз: «Әй, жігіттер, астана тұрғызу барысында біз де азат елдің тың игерушілеріміз. Сәл қиындыққа қиналмайық. Естуімше, Есілдің сол жағы керемет қала болатын көрінеді. Бір-бір пәтерге ие боламыз әлі-ақ!» деп басты бір шұлғығанда, ол сөзге біріміз иландық, екіншіміз сене қоймадық. Енді, міне, оң жағалау да, сол жағалау да қиял әлемі – ақиқат әлеміне айналып, аға сөзі дана сөзіне айналды. Иә, өмір бойғы еңбегі еленіп, Қазақстанның еңбек сіңірген қайраткері атанып, жақсылықтың қызығын көріп, Дариға тәтеміз екеуі жадырап жүргенде, айдарлы ұлы Айдарынан көз жазып қалғанын естігенде білетіндердің қабырғасы қайысып, шарасыз күй кешті. Өзі де ауыр сырқатпен күресіп бақты. Бір жолы «Егеменнің» жүз жылдығына арнайы шығарылған «Жүзжылдық жылнама» атты бес томдық кітапты Сұңғат Әліпбай, Берік Садыр – үшеуміз апарып, көңілін сұрадық. Кең дастарқан басында біраз әңгіме айттық. Сыртымыз бүтін болғанымен, ішімізде дауыл тұрды. Кетуге ыңғайланып, орнымыздан қозғала бергенде, «Мына бес том іргелі тарихи дүние болыпты. Азаматтарға рақмет. Рақметімді жеткізіңдер» деді орнынан тік көтеріле тұрып. Біз есікке беттегенде, оң қолын сәл көтеріп еді, теңселіп кетті. Осы сәт асыл ағаның «СҚ-ның» Арқадағы тілшісі болған Еркеш Ибраһим туралы естелігіндегі: «Бәйтерегім, Мәуелеген еменім, Қайда жүрсем жатсынбаған сен едің, Өзің болып саңқылдады дауысым, Өзің болып тамылжыды өлеңім. ...Артық-кемім болса менің кешіндер, Үзеңгіден аяғымды шешіндер. О, туғандар, осылайша бір тілші, Бәйтеректей омырылды дерсіңдер, Бәйтеректей омырылды дерсіңдер» деген жыр дүлдүлінің өлеңі ойға орала кеткені. Жүздеген емес, мыңдаған адамның қатарға қосылуына септігі тиген, ондаған ұлт зиялылары басқарып, Алаш арыстарының асыл арманы «...елдің ақ ниеті, адал тілегі... елдің ел болуы, елдің бір болуы, елдің берекетті болуы» «Ұшқында» тасқа басылғанымен, қанқұйлы биліктің бишігін ұстағандар жүз жылдан аса тарихы бар басылымды талай жерде шатастырды. Оны жоққа шығара алмайсың. Ондай адастыру өзге салаларда да аз болған жоқ. Бірақ ұлттың қаны, лайсыз жаны барлар сабан астынан саңылау тауып, жұртының сөзін сөйлеген. Оның кейбір дәйегін тарихтан ұқсақ, кейбірін Әділ аға секілді жақсылардан естіп жүрдік. Өткеннің бәрі қара деу де оңғандық емес. Қоғам, оны басқарғандардың, оны төңіректегендердің ақыл-парасатын таразылап көру арқылы өзгені, әсіресе орындаушыларды алакөздеуден құтқарып қалуға болатындай. Бір мысал: «...ең үлкен университетім «Социалистік Қазақстан» газеті болды дегенді әр уақыт айтып, жазып та жүрмін» десе арқалы ақын Хамит Ерғалиев, «Газетте бас редактор болған кездегі ұстаған қағидам: «Шарапатыңды тигізе алмасаң да, кесапатыңды тигізе көрме» болды» депті қарасөздің қас шебері Әбіш Кекілбаев. Әділ аға «Алдыңғы толқын ағалардың тәлімін алдық, олар да сиреді» дейтін. Келместің кемесіне отырып өзі де кетті. «СҚ», «ЕҚ-да» қызмет еткен, әлгі сиреген ұрпақты білетіндер де сетіней бастады. Заман талабы ма, ел газеті, бас басылым деп әспеттеген «ЕҚ» «Қазақ газеттері» ЖШС-ға қосылды. Бұдан кейінгі жайы бір Аллаға аян болуы керек. «Мен қауіп қылғаннан айтам» деп Мөңкеұлы айтпақшы, нарыққа ма, капитализмге алғаш бет түзегенде біраз қазақ басылымы қалтылдап барып, қалпақтай ұшып еді, соның кебін кимесе болғаны. Біз ғана қателеселік. Газеттің күні өтті дейтіндер де бар. Өзіміз үлгі етіп жүрген дамыған батыс пен шығыстағы елдерде миллиондаған таралыммен газет жүз беттен шығып жатыр. Қонақүйде таңды сол басылымдармен қарсы аласың. Желдей есіп, талайды желіктіріп, талайды әрі-тәрі еткен әлеуметтік желіден гөрі, салиқалы басылымның болғаны жөн секілді. Әділ аға туралы айтқанда, дәстүрлі басылымның дамуына саналы өмірін арнаған қайраткеріміз рухани құндылықтың алтын арқауы ретінде газеттің сақталып қалуын жиі айтушы еді. «Егеменнің» айналасына топтасса дейтін, сөйтіп ұлт жайын тасқа бассақ, келешек ұрпақ бар мен жоқты, жаңарған қазақты танып-біліп отырар ма еді дейтін. Алаш сөзін термелейтін. Әділ ағаның кішіпейілділігі, отаншылдығы, журналист мамандығына деген адалдығы кейінгіге сабақ болмақ.

Сүлеймен МӘМЕТ,
Қазақстанның
мәдениет қайраткері

Бүгінгі таңда елімізде ерекше білім беру қажеттіліктері бар балалардың проблемалары өзекті. Деректерге сүйенсек, соңғы 10 жылда әлем бойынша зағип балалардың саны бірнеше есе өсті. Дамыған елдерде олардың дамуындағы ерекшеліктерін ауру ретінде емес, жағдай ретінде қабылдап, ерекше балалармен жұмыс істеудің медициналық моделінен білім беру моделіне көшті. Инклюзивті білім беруді іске асыру жолында қазақстандық мамандар жаңа әдістер мен бағдарламаларды ашты.

КӨКІРЕК КӨЗІН АШАЙЫҚ

Астана қаласының №10 мектеп-гимназиясында көру қабілеті бұзылған 180 бала оқиды, оның ішінде 29 бала зағип. Оларды оқыту үшін барлық қажетті жағдай жасалуда. Мектепте балалар үшін арнайы педагог-ассистенттер мен тәрбиешілер жұмыс істейді.

– 2015 жылдан бастап мектепте көру қабілеті бұзылған балаларға арналған сыныптар ашылды, – дейді мектеп директоры Бақытжан Орынбаев.

Бұл білім ордасы – елордада зағиптарға арналған сыныптар жұмыс істейтін жалғыз мектеп.

Жуырда мектепте жоғары деңгейде ұйымдастырылған конференция өтті. Мақсаты – арнайы және инклюзивті білім беруді дамытуда ғылым мен тәжірибенің және әлеуметтің күш-жігерін біріктіру.

Өкінішке қарай, елімізде мүмкіндігі шектеулі балалар жылдан-жылға артып келеді, яғни алдыңғы жылмен салыстырғанда зағип жандар саны 8000 адамға артқан. Бұл дегеніміз инклюзивті мектептер санын арттыру керегін білдіреді.

Конференцияға Қазақстан Республикасы Парламенті Мәжілісінің депутаты Кенжеғұл Социалұлы, Л.Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университетінің және М.Әуезов атындағы Оңтүстік Қазақстан университетінің профессор-оқытушылар құрамы, қайырымдылық қорлардың өкілдері, республикалық коррекциялық педагогика және нейропсихология білім беру орталығының өкілдері, Корея, Dot Incorporation компаниясының өкілі, Ыстанбұл қаласы, Тюркан Сабанджи атындағы көру қабілеті бұзылған балаларға арналған мектеп-интернатының директоры, жалпы орта білім беру ұйымдары мен арнайы білім беру ұйымдарының басшылары, психологиялық-медициналық-педагогикалық комиссия басшылары, мұғалімдер, БАҚ өкілдері, мүгедек адамдардың қоғамдық бірлестігінің өкілдері, ата-аналар қатысты.

Конференция панельдік пікірталас, кейс-сессия, benchmarking, workshop, шебер-сынып және интерактив форматында өтті.

Гауһар АМАНГЕЛДІ,
Л.Гумилев атындағы
Еуразия ұлттық университетінің 2-курс студенті

КӨП БОЛЫП ҚАРСЫ ТҰРАЙЫҚ

Жемқорлықпен күрес бүгінде елімізде мемлекеттік маңызы бар түйткілді мәселеге айналып отырғаны шындық.

Біз мүлде жаңа қоғамда өмір сүріп жатырмыз. Жаңа қоғамның сипатына іскерлік тән болса, бұл жолда жетістігіміз жетерлік. Осы жаңа қоғамның алға қарай жылжуында шешімі күрделі мәселелер де бар. Бұл салада қоғам өмірінде түбегейлі шешімін таппай тұрған мәселе ол – сыбайлас жемқорлық. Сыбайлас жемқорлықтың мемлекеттің бәсекеге қабілетін едәуір төмендететіні, қоғамда демократиялық қайта құруды жүзеге асыруды тежейтіні, елдің халықаралық беделіне көлеңке түсіретіні белгілі.

Елімізде осы мәселеге арнайы қабылданған заңдар да, атқарылып жатқан жұмыстар да баршылық, бірақ бұл мәселе әлі толық шешімін тапқан жоқ. Тиісінше адамдардың қоғамның демократиялық негізіне, заң мен әділдікке, түптеп келгенде, билікке деген сеніміне кері әсерін тигізетіні сөзсіз.

Қазіргі таңда сыбайлас жемқорлықтың алдын алу және мәдениетті қалыптастыру бойынша халық арасында әртүрлі форматта шаралар өткізілуде. Азаматтардан келіп түскен арыз-шағымдарға талдау жұмысы бойынша тұрғындармен кездесу өткізіліп тұрады, мемлекеттік органдардың бюджет қаражатын жұмсау жөніндегі шешімдерді қолдау және іске асырушының ақпараттық ашықтығы қамтамасыз етілген. Бұл жоспарланған шаралардың бір парасы ғана. Қоғам тарапынан осы зұлымдықпен күрес бағытында жолданған ұсыныс пікірлері де зерделеніп, басшылыққа алынады.

Ел ертеңі үшін, болашақ ұрпақ алдында еңсемізді бек көтеріп жүре алуымыз үшін жемқорлық індетімен белсене күресіп, түп тамырымен жою қажет.

Сыбайлас жемқорлықпен күресте мемлекеттік қызметшілерге де артылатын жүк ауыр. Мемлекеттік қызметшілердің атына кір келтіретін әрекеттерден әркімнің де аулақ болғаны жөн. Сыбайлас жемқорлыққа қасақана барғандар қатаң жазаға тартылады. Оларға біздің арамызда да, қоғамда да орын жоқ.

Қоғамның барлық күш-жігерін біріктіріп, осы дерттің одан әрі ушықпауы үшін оны тоқтатудың барлық амалын қолдану арқылы ғана адамзат баласына жат құбылысқа тиімді түрде қарсы тұруға болады.

Ғалымжан АМАНТАЙ,
Астана қаласы әкімдігінің әдеп жөніндегі уәкілі

АЛТЫНШАШТЫҢ ОРЫНДАЛҒАН АРМАНЫ

Бейбітшілік және келісім сарайында Еркеғали Рахмадиев атындағы Мемлекеттік академиялық филармонияның әншісі, республикалық және халықаралық байқаулардың лауреаты Алтыншаш Мұқатаеваның «Самға алға» мотивациялық шығармашылық кеші өтті. Мәдениет және спорт министрлігі мен Астана қаласы әкімдігінің қолдауымен өткен кешке Премьер-министрдің орынбасары Алтай Көлгінов, Мәдениет және спорт министрі Асхат Оралов, елорда әкімінің орынбасары Ерлан Бекмырзаев қатысып, ізгі тілегін жеткізді.

Ақиық ақын Мұқағали Мақатаевша айтсақ, арулар елі – Аягөз қаласында дүниеге келген Алтыншаш тағдырдың түрлі сынағына сынбай, қиындықтарға еш мойымай, өнерден қуат алып, өрлей түсуде. Рухы мықты, жігері күшті, өмірге ғашық адам. Бала кезінен белгілі әнші болуды армандады. Сол арманына жету мақсатында 2009 жылы отбасымен Астанаға қоныс аударды. Осында Қазақ технология және бизнес университеті колледжінде, Қазақ гуманитарлық-заң университетінде оқып, бірнеше мамандықты игерді. Алайда әнші болу арманынан айнымай, әрі қарай Қазақ ұлттық өнер университетіне түсіп, белгілі әнші-ұстаздар Сембек Жұмағали мен Майра Дәулетбақтан тәлім алып, өнерін шыңдады. Оның өнерге қанат қағып, үлкен сахнаға алғаш шығуына «Қарақат» мектеп-студиясы, Қыдырәлі Болманов пен Қарақат Әбілдина жол ашты.

Қазір өнерде қолдаушы әріптестері өте көп. Солардың біразы Алтыншаштың алғашқы үлкен шығармашылық кешіне қатысып, сахнадан ән салып, кеш иесіне қолдау көрсетті. Атап айтқанда, Қазақстанның еңбек сіңірген қайраткерлері Қанат және Светлана Айтбаевтар, Алтынай Жорабаева, Ардақ Балажанова, сондай-ақ, Ибрагим Ескендір, Зарина Омарова, Аука, Астана қаласы «Жастар» театрының әртістері, «Alem» заманауи би балеті, «Laura Abat» өнер орталығы, Астаналық цирк әртістері атсалысты.

Алтыншаш Мұқатаеваның өзі Ахмет Жұбанов, Кеңес Дүйсекеев, Төлеген Мұхамеджанов, Болат Қохаманов, Ахмедияр Есмұханов, Марат Омаров сынды белгілі композиторлардың, қазіргі сазгерлердің әндерін шырқады.

«Мен шығармашылық ән кешімді қайда өткіземін деп көп ойланып, мың толғандым. Ақыры таңдауым Бейбітшілік және келісім сарайына түсті. Мұның өзіндік сыры бар. Қазіргі жағдайда, дүние дүрліккен шақта, бізге бейбітшілік ауадай қажет. Ал Астана маған шабыт берді. Ой-өрісімді кеңейтті. Мен бас қалаға ғашықпын. Үлкен сахнада жеке шығармашылық кешін өткізу – әрбір өресі биік өнерпаздың асқақ арманы. Бүгін – менің сонау балалық арманым орындалған күн» дейді Алтыншаш Мұқатаева.

Бетті дайындаған **Аманғали ҚАЛЖАНОВ**

БИ ТЕАТРЫНЫҢ ТЫНЫСЫ

Астана қаласының коммуникациялар қызметі алаңында «Наз» мемлекеттік би театрының қызметімен осы өнер ошағының директоры Еркебұлан Ағымбаев таныстырды.

Оның айтуынша, осы жыл басынан бері би театры 24 іс-шара өткізіп, жиырма мыңға жуық көрермен өнерін тамашалады. Театр әртістері әз-Наурыз, Қазақстан халқының бірлігі күні, Отан қорғаушылар күні, Жеңіс күні сынды мерекелерге орай ұйымдастырылған концерттерге қатысты. Бұған қоса, театр «Шарапат» әлеуметтік қызмет көрсету орталығы, «Демеу» әлеуметтендіру орталығы сынды мекемелердің қайырымдылық шараларына үнемі қатысып тұрады.

Соңғы жылдары өнер ошағы Болгарияда өткен VITOSHA 2020 – Web Edition халықаралық фольклорлық фестивальге қатысып, «Арнайы режиссер сыйлығымен» марапатталып, ұлттық мәдениеттің дамуына үлес қосқаны үшін «Nauryz-2021» тұңғыш ұлттық премиясының иегері атанды. Былтыр республикалық «Қамажай» I хореографтар байқауында Ұлан Изенаев бас жүлдені иемденді. Бұл конкурсқа талантты хореограф Абай Құнанбайұлының шығармасы желісімен қойылған «Әзім әңгімесі» хореографиялық спектаклін ұсынды. Ал биыл өткен Шара Жиенқұлова атындағы VI республикалық қазақ биі байқауында балет әртісі Омар Мұхамметалиев жүлделі III орынға ие болды.

Театр ұжымы 2021 жылдың қыркүйек айынан 2022 жылдың сәуір айына дейінгі Дубай қаласында өткен «EXPO-2020» халықаралық көрмесінде өнер көрсетті. Қазақстан павильонында театрдың балет әртістері 6 ай бойы қазақ биінің мәртебесін арттырды. Сол уақыт ішінде 100-ге жуық концерт беріп, 20 мыңға жуық көрерменді қамтыды. Былтыр қазан айында театрдың балет әртістері Түркияның Изник қаласында өткен «IV әлемдік көшпенділер ойынына» қатысты. Сол уақытта Гүлнәр Сүттібаева, Әлия Абылқасымова сынды балет әртістері Марокко Корольдігінің астанасы Рабат қаласында Қазақстан Республикасының Республика күніне орай өткізілген концертте өнер көрсетіп келді.

ӘЙГІЛІ ӘНШІНІҢ «ЕЛГЕ ТАҒЗЫМЫ»

4 маусым күні Еркеғали Рахмадиев атындағы Мемлекеттік академиялық филармония сахнасында Қазақстан мен Татарстанның Халық әртісі, Мемлекеттік сыйлықтың лауреаты Нұржамал Үсенбаеваның шығармашылық кеші өтеді. «Еліме тағзым» концерті Қазақстан Республикасының Мемлекеттік рәміздер күніне арналады.

Кеште Нұржамал Үсенбаева өзінің ауқымды және алуан түрлі репертуарынан ең үздік шығармаларын орындайды. Концерт Татарстанның Халық әртісі, Қазақстанның еңбек сіңірген қайраткері, Құрманғазы атындағы Ұлттық консерваторияның құрметті профессоры, шақырылған маэстро Ренат Салаватовтың жетекшілігімен, филармонияның симфониялық оркестрінің сүйемелдеуімен өтеді. Кештің көркін халықаралық байқаулардың лауреаты, елорда филармониясының камералық хоры (көркемдік жетекшісі – Қазақстанның еңбек сіңірген қайраткері, профессор Гүлмира Құттыбадамова) көркейте түспек. Примамен бірге сахнаға отандық және әлемдік опера жұлдыздары шығады.

Концертті қазақ опера өнерінің алтын қорына енген Нұржамал Үсенбаеваның орындауындағы Мұқан Төлебаевтың «Бақыт вальсі», А.Жұбанов пен Л.Хамидидің «Абай» операсынан Ажар ариясы ашады. М.Төлебаевтың «Біржан мен Сара» операсынан әйгілі «Айтысты» әнші концерттің арнайы қонағы, Қазақстанның еңбек сіңірген қайраткері Медет Шотабаевпен дуэтте шырқайды.

Бағдарламаның тағы бір жұлдызды қонағы чех опера әншісі, Еуропа өнер одағының көркемдік және мәдени қызмет саласындағы ең жоғары марапаты – «Алтын Еуропа» (Golden Europea) иегері Филип Банджак болмақ. Нұржамал Үсенбаевамен бірге ол Р.Леонкаваллоның «Паяцы» операсынан ария орындайды.

Тағы бір дуэт – Өзбекстан мемлекеттік консерваториясы музыкалық театрының солисі, Өзбекстан, Қарақалпақстан және Башқұртстан Республикаларының Халық әртісі Жеңісбек Пиязовпен бірге Т.Мұхамеджановтың «Мен сенімен кездестім» шығармасы орындалады.

Нұржамал Үсенбаева мен оның бенефисінің қонақтары көрермендерге вокалдық өнердің басқа да асыл маржандарын – Дж.Россинидің «Севиль шаштаразы» операсынан Фигаро ариясы, Бернард Херрманның «Citizen Kane» операсынан Саламбо ариясы, Дж.Пуччинидің «Турандот» операсынан Калафа ариясы, В.Хербертің «The Enchantress», Мануэль Понсенің «Estrellita», Агустин Лараның «Гранада» ариясы, Д.Модуньоның «Volare» және т. б. ұсынады. Концерт Т.Мұхамеджановтың «Отан» шығармасын барлық орындаушылардың бірлескен орындауымен аяқталады.

www.astana-akshamy.kz

Редакция қолжазба иелерінің пікірлері мен көзқарасын бөлісуі шарт емес.

ELORDA AQPARAT

Газет ҚР Ақпарат және коммуникациялар министрлігінің Ақпарат комитетінде 23.05.2018 ж. тіркеліп, №17120-Г куәлігі берілген.
Меншік иесі: «Elorda Aqparat» ЖШС

Директор – **Олжас СЫДЫҚБЕК**

Бас редактор – **Еркін ҚЫДЫР**

Бас редактордың орынбасары – **Ғалым ҚОЖАБЕКОВ**

Газетте жарияланған материалдарды сілтемесіз көшіріп басуға болмайды.

Газет сейсенбі, бейсенбі және сенбі күндері шығады.

Жарнама мен хабарландырулардың мазмұнына жарнама беруші жауап береді.

Газет «ASTANA AQSHAMY» газеті редакциясының компьютерлік орталығында теріліп, қатталды.
Тираж – 5100. Апталық таралымы – 15 300
Тапсырыс №62
Баспахана: Астана қаласы, Сілеті көшесі, 30-үй
«Медиа-холдинг «ERNUR» ЖШС

Редакция мекенжайы:
010000, Астана қаласы, Достық көшесі, 13, «Нұрсая-2» ТК

Қабылдау бөлмесі:
тел./факс: +7 (7172) 42-43-81
Тілшілер бөлімі: 42-41-03
Жарнама: 42-43-52
Va-reklama@mail.ru

aqsham1990@mail.ru

Кезекші редактор – **Нұрлат БАЙГЕНЖЕ**